

**«ІТ және жаңа технологиялар жоғары колледжі» КМҚК
«SANALY URPAQ» жастар клубы туралы Ереже**

Бөлім 1. «Жалпы ережелер»

1.1. «SANALY URPAQ» жастар клубының жұмысының мақсаты Студенттерде сыбайлас жемқорлықты әлеуметтік құбылыс ретінде қабылдамауға бағытталған құқықтық және қаржылық ойлауды қалыптастыру, құқықтық тәрбие беру, студенттерді адамгершілік дәстүрлер негізінде тәрбиелеу, жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, ұжымшылдықты, парызды, патриотизмді насихаттауға тарту және түрлі сыбайлас жемқорлық түрлеріне төзбеушілікке тәрбиелеу.

1.2. «SANALY URPAQ» жастар клубы – колледжде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және құқықтық білімді насихаттауға қызығушылық танытқан студенттердің ерікті бірлестігі.

1.3. Клуб мүшелері болып 16-18 жас аралығындағы колледж студенттері болады.

1.4. Клуб кемінде 5 адамнан құрылып, қызмет бағыттарына қарай құрылымдық бөлімдерге бөлінуі мүмкін.

1.5. Клубқа басшылық студенттік өзін-өзі басқару принциптері негізінде жалпы жиналыста сайланған Төраға арқылы жүзеге асырылады.

1.6. «SANALY URPAQ» клубы өз қызметінде келесі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады:
Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңы, 2015-2025 жылдарға арналған ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, «Білім туралы» ҚР Заңы, «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заң, «Әкімшілік кодекс», білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары және жастар қозғалыстарын ұйымдастыру бойынша өзге де нормативтік актілер, колледж Жарғысы және ішкі тәртіп ережелері.

Бөлім 2. ««SANALY URPAQ» клубының мазмұны және жұмыс түрлері»

- 2.1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.
- 2.2. Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау.
- 2.3. Студенттерде сыбайлас жемқорлықты қабылдамауға бағытталған құқықтық және қаржылық ойлауды қалыптастыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру.

Бөлім 3. «Міндеттер»

- 3.1. Негізгі міндет – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру.
- 3.2. Парыз, жауапкершілік, адалдық, әділдік, принципшілдік, өзіне және өзгелерге талап қоя білу сезімін қалыптастыру.
- 3.3. Жастар арасында құқықтық білім мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттау.
- 3.4. Колледж әкімшілігіне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және ішкі тәртіп ережесінің орындалуын бақылау жұмыстарында көмектесу.
- 3.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру аясында әкімшілік, қызметтер мен бөлімдер өкілдерінің құқық қорғау органдарымен өзара әрекетін үйлестіру.

Бөлім 4. «Құқықтар»

Клуб мүшелерінің құқықтары:

- 4.1. Колледждің ішкі тәртіп ережелерін бұзған студенттерге ескерту жасауға құқылы.
- 4.2. Тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарына колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына қатысты өз ұсыныстарын жеткізуге құқылы.
- 4.3. Колледж әкімшілігіне клуб мүшелерін мадақтау немесе тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныс енгізуге құқылы.
- 4.4. Клуб қызметіне қатысты колледж әкімшілігі шешімдерін талқылауға қатысуға құқылы.
- 4.5. Өз құзыреті аясында ұсыныстар енгізуге құқылы.

Бөлім 5. «Өзара қатынастар»

- 5.1. Клуб мүшелері тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарымен, колледж топ старосталарымен өзара әрекеттеседі.
- 5.2. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында құқық қорғау органдары қызметкерлерімен бірлесе жұмыс жасайды.
- 5.3. Құқықтық тәрбиенің үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыру үшін ағарту ұйымдарымен: кітапханалармен, мұражайлармен және т.б. ынтымақтастық орнатады.

Бөлім 6. «Жауапкершілік»

Клуб мүшесі келесілер үшін жауапты:

- Жүктелген негізгі міндеттер мен функцияларды уақытында орындау, жұмыс нәтижесінің белгіленген сапа деңгейін қамтамасыз ету.
- Клуб жоспарлаған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.
- Ұсынылған ақпараттың толықтығы, дұрыстығы және уақтылығымен қамтамасыз ету.
- Тапсырылған жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру, тиісті нұсқаулықтар мен технологиялық құжаттарды орындау.
- Ішкі тәртіп және қауіпсіздік ережелерін сақтау.
- Студенттердің құқық бұзушылық әрекеттерінің алдын алу.